

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің Үкіметі арасындағы
Дипломаттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы
келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қазандағы N 1711 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің Үкіметі арасындағы Дипломаттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Константин Васильевич Жигаловқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің Үкіметі арасындағы Дипломаттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 9

қ а з а н д а ғ ы

N

1 7 1 1

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің
Үкіметі арасындағы Дипломаттық паспорттардың иелерін визалық
талаптардан өзара босату туралы келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Испания Корольдігінің Үкіметі,

екі жақты қатынастарға ықпал етуге ниет білдіре отырып, және
қалыптасқан достық қатынастарды нығайтуға ұмтылысын назарға ала отырып және

Испания Корольдігіне 1985 жылғы 14 маусымдағы Шенген келісімін және 1990
жылғы 19 маусымдағы Шенген келісімін қолдану туралы конвенцияны (бұдан әрі -

Конвенция) қолдану шеңберінде өз азаматтарының еркін жүріп-тұруына ықпал ету
м а қ с а т ы н д а ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Жарамды және қолданыстағы дипломаттық паспорттары бар Қазақстан Республикасының азаматтары Испания Корольдігінің аумағына алғашқы келген күнінен бастап есептегенде 180 күн (алты ай) кезең ішінде барынша көп мерзім 90 күнге (үш айға) визасыз келе алады.

2. Егер Қазақстан Республикасының азаматтары Испания Корольдігінің аумағына оларға қатысты ішкі шекараларда бақылауды таратуға және адамдардың жүріп-тұруына қатысты Конвенцияның II тарауының ережелері толық шамада қолданылатын бір немесе одан да көп мемлекеттер аумағы арқылы транзиттен кейін келетін жағдайда осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзімді есептеу Конвенцияға қатысушы мүше мемлекеттер белгілеген еркін жүріп-тұру аймағын анықтайтын сыртқы шекарадан өту күнінен басталады.

2-бап

Жарамды және қолданыстағы дипломаттық паспорттары бар Испания Корольдігінің азаматтары Қазақстан Республикасының аумағына алғашқы келген күнінен бастап есептегенде 180 күн (алты ай) кезең ішінде барынша көп мерзім 90 күнге (үш айға) визасыз келе алады.

3-бап

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарының әрекеті ақысы төленетін еңбек қызметін немесе Тараптар мемлекеттерінің аумағында орналасқан дипломатиялық өкілдіктерде, консулдық мекемелерде немесе халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде жұмыс істеуді жүзеге асыру мақсатында Тарап мемлекеттерінің аумағына келетін Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына қолданылмайды.

4-бап

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген Тараптар мемлекеттерінің азаматтары Тараптар мемлекеттерінің аумағына халықаралық қатынас үшін ашық өту пункттері арқылы кіре алады, кете алады және транзитпен өте алады.

5-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімнің 1-2-баптарында көрсетілген азаматтарын 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында және 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер үшін нұқсан келтірместен тиісінше Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігінің ұлттық заңнамасын, сондай-ақ халықаралық құқықтың басқа да қолданылатын нормаларын сақтау міндетінен босатпайды.

6-бап

1. Осы Келісімге кол қойылған күнінен бастап 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Испания Корольдігі Сыртқы істер және ынтымақтастық министрлігі дипломатиялық арналар арқылы тиісті қолданыстағы дипломаттық паспорттар үлгілерімен алмасады.

2. Тараптардың көрсетілген министрліктері дипломаттық паспорттарды беру тәртібі туралы олардың ұлттық заңнамасына енгізілген өзгерістер туралы, сондай-ақ олардың форматының өзгеруі туралы бірін-бірі дереу және уақтылы хабардар етеді әрі олар қолданысқа енгізілген күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей олардың даналарын жібереді.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өзгерістер осы Келісімнің 9-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

8-бап

1. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданылуын, егер ол ұлттық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке немесе халықтың денсаулығына байланысты болса, толық немесе ішінара белгіленбеген мерзімге тоқтата тұра алады.

2. Осындай шараның басталғандығы немесе тоқтатылғандығы туралы Тараптар бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді. Осы Келісімнің қолданылуы бір Тарап екінші Тарапқа жоғарыда көрсетілген хабарламаны жіберген күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң тоқтатыла тұратын болады.

9-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданылуын екінші Тарапқа 90 (тоқсан) күн бұрын дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жіберіп тоқтата алады.

10-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң уақытша қолданылады және дипломатиялық арналар арқылы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен кейінгі айдың соңғы күнінде күшіне енеді.

Осыны растау үшін Тараптардың уәкілетті өкілдері тиісті түрде осы Келісімге қол қояды.

2009 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, испан, орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН*

*ИСПАНИЯ КОРОЛЬДІГІНІҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН*